

**«7M04120 – Мемлекеттік басқару» (Executive MPA)
магистратура білім беру бағдарламасы**

1. Бағдарламаның атауы: «7M04120 - Мемлекеттік басқару» (Executive MPA) магистратура білім беру бағдарламасы (даярлау бағыты «7M041 – Бизнес және басқару»).

2. Оқу мерзімі: 1 жыл (модульдік оқу нысаны)

3. Барлық кредиттер (ECTS): 64

4. Бағдарламаның сипаттамасы:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік, квазимемлекеттік және бизнес секторларында әртүрлі басқарушылық лауазымдарда тиімді жұмыс атқару үшін мемлекеттік басқару саласына қажетті білім мен дағдыларды дамытуға бағытталған кәсіпқой мамандарға арналған өндірістен қол үзбей оқыту форматындағы модульдік оқыту қағидатына негізделген бір жылдық магистратура бағдарламасы.

5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың басшылық буынынан мемлекеттік басқару саласы бойынша жоғары білікті мамандар даярлау.

Бағдарламаның міндеттері:

- мемлекеттік, квазимемлекеттік, коммерциялық және үкіметтік емес ұйымдарда тиімді жұмыс істеу үшін қажетті басқару дағдыларын дамыту;
- тиімді заманауи мемлекеттік басқару жүйесін қалыптастыруға қажетті шығармашылық әлеуетті және құзыреттіліктерді дамыту.

6. Бағдарламаның артықшылықтары:

- білім беру процесінде инновациялық, аналитикалық және басқарушылық қабілеттерін дамыту;
- шет тілінің тиісті деңгейін растайтын сертификат болған жағдайда Maxwell School of Citizenship and Public Affairs at Syracuse University (Америка Құрама Штаттары) шетелдік әріптес университетінде тағылымдамадан өту мүмкіндігі;
- жекелеген пәндерді оқыту үшін шетелдік және қазақстандық жетекші сарапшыларды, мемлекеттік басқару саласындағы тәжірибелі мамандарды тарту;
- әлеуметтік нетворкингті дамыту, әртүрлі министрліктер мен ведомстволардың басшыларымен өзара іс-қимыл, өзара оқыту (peer learning);
- мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде оқыту.

7. Оқытудан күтілетін нәтижелер:

Қызметті басқару – нақты міндеттер белгілейді және стратегиялық мақсаттарға сәйкес тапсырмалар береді, ұжымды бөлімше алдына қойған міндеттерді сапалы және уақытылы орындауына бағыттайды, ол үшін қолайлы жағдай жасайды.

Тиімді коммуникацияларды құру – өзінің қызметін әріптестерімен үйлестіре біледі, коммуникацияға ашық, іскерлік ынтымақтастыққа дайын, қажет болған жағдайда әріптестеріне көмектеседі, өз көзқарасын нанымды жеткізе отырып және әріптестердің пікірін ескере отырып, ортақ іс игілігі үшін жанжалдарды шешу жолдарын біледі, адамдар тобымен/командамен/мүдделі тараптармен тиімді жұмыс жасау жүйесін қалыптастырады.

Этикалық нормалар мен қағидаттарды ұстану – әдеп кодексіне сәйкес кез келген жағдайда этикалық мінез-құлық ережелерін қатаң сақтайды, парасаттылық, адалдық, ізгі ниет,

әріптестер мен мүдделі тараптарды құрметтеу қағидаттарын ұстанады, стресстік жағдайда өзін-өзі жоғалтпайды және дұрыс шешімдер қабылдайды.

Өзгерістерді басқару – ұйымдағы өзгерістерге оң көзқараспен қарайды, өзгерген жағдайға сәйкес өз әрекеттерінің тактикасын бейімдейді, сәтсіздіктердің себептерін талдайды және тәсілдер мен стратегияны өзгертеді, қызметкерлердің бастамаларын қолдайды және көтермелейді.

Нәтижеге бағдарлану – күрделі мақсаттар қояды және оларға қол жеткізеді, тапсырмаларды орындау үшін қосымша күш жұмсайды, нәтижеге жету үшін жауапкершілікті өз мойнына алады.

Дербестік және шешім қабылдау дағдылары – мүмкіндіктерді, тәуекелдерді талдай алады, сондай-ақ ресурстарды есептей және жоспарлай алады, белгісіздік жағдайында тиімді әрекет ете алады.

Команданы басқару – ұжымды шабыттандыра және ынталандыра алады, жеке симпатия мен антипатиядан аулақ болу, өзара әрекеттесу және ынталандыру кезінде әріптестердің даралығын анықтай білу және есепке алу.

Көшбасшылық қасиеттер – ынта мен талантты, өз сенімдеріне деген сенімділікті көрсетеді, харизматикалық қасиеті бар, қарамағындағыларды ынталандыру үшін өзінің жеке басының күшін пайдаланады, қызметкерлерді ынталандырады, марапат пен кінә тепе-теңдігін ақылмен таңдайды.

Ынтымақтастық – қызметкерлерді өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен және ұйымдармен тиімді өзара әрекеттесуді құруға бағыттайды, қойылған міндеттерді орындау үшін әрбір қызметкердің әлеуетін пайдаланады, мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп жоспарларды жүзеге асырады және ортақ нәтижелерге қол жеткізеді.

Жеделдік – ұжымға жаңа басымдықтарды уақытылы жеткізеді, өзгерістерге уақытылы ден қою үшін тиімді шаралар әзірлейді, бөлімшені тиімді басқарады және ішкі, сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізеді.

Өзін-өзі дамыту – келешегі зор қызметкерлерді анықтайды және жоғарылату бойынша ұсыныстар жасайды, қызметкерлерді дамыту бойынша жүйелі шараларды қабылдайды, жеке мысалмен өзін-өзі дамытуға ұмтылысын көрсетеді.

Бастамашылық – қызмет тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдерді енгізу бойынша ұсыныстарды қарастырады және әзірлейді, қызметтің тиімділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдер мен шешімдерді енгізу бойынша ұсыныстарды талдайды және енгізеді, мемлекеттік ұйымның қызметін жақсарту бойынша жобаларға бастамашылық жасайды.

8. Бағдарламаның құрылымы және академиялық контент:

Модуль	Пәннің атауы	БП/ ПП	ЖООК/ ТК	ECTS
1	Ресми жазылым және медиадискурс	ПП	ЖООК	3
	Кәсіби коммуникациялар және ұйымдық мәдениет	БП	ЖООК	3
	Кәсіби ағылшын тілі	БП	ЖООК	3
	Зерттеу әдістері және дизайны	ПП	ЖООК	4
	Теориялық оқу бойынша барлығы			13
	<i>Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі-МЭЗЖ)</i>			3
1-МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ				16
2	Мемлекеттік басқарудың ұлттық моделі	БП	ЖООК	4
	Ақпараттық-талдау технологиялары	ПП	ЖООК	4
	Таңдау бойынша компонент	БП	ТК	4

	<i>Өндірістік тәжірибе</i>			2
	Теориялық оқу бойынша барлығы			14
	<i>МЭЗЖ</i>			2
2-МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ				16
3	Стратегиялық менеджмент және көшбасшылық	ПП	ЖООК	3
	Сервистік аппарат және адамға бағдарланған басқару	ПП	ЖООК	2
	Цифрлық мемлекеттік басқару	ПП	ЖООК	2
	Саяси технологиялар	ПП	ЖООК	3
	Теориялық оқу бойынша барлығы			10
	<i>Тағылымдама</i>			2
	<i>МЭЗЖ</i>			3
3-МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ				15
4	Мемлекеттік сектордағы қаржылық менеджмент және аудит	ПП	ЖООК	3
	Экономиканы мемлекеттік реттеу	ПП	ЖООК	3
	Теориялық оқу бойынша барлығы			6
	<i>МЭЗЖ</i>			3
	<i>Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны рәсімдеу және қорғау)</i>			8
4-МОДУЛЬ БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ				17
Жалпы теориялық оқу + тәжірибе				43
Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны жазу және қорғау)				8
МЭЗЖ + тағылымдама				13
ИГЕРУГЕ МІНДЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ				64